

«Молдір бұлақ» бобекжай-бақшасы

Балабақшадағы мемлекеттік тілдің деңгейі
(Әкімшілік кеңес)

Дайындаған: Меңгеруші

Қайрат ауылы 2024-2025 оқу жылы

Тіл үйрену мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталады. Бұл жастағы балалар тілді үйренуге бейім, ересектерге еліктейді. Мектепке дейінгі балалық шақта мемлекеттік тілді ерте үйрену баланың жеке басының үйлесімді дамуына ықпал етеді. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында: «Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады» - деп, атап көрсетті. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі ұлттық бірегейлікті сақтауда маңызды рөл атқарады. Өзінің ұлттық мәдениетін, ата-бабаларының салт-дәстүрін сақтауға және дамытуға деген ұмтылыс ана тілін үйренудегі ұлттық сана-сезімнің айқын дәлелі. Әр түрлі ұлт өкілдерінің балаларына мемлекеттік тілді үйрету тілдік сананың жаңа жүйесін қалыптастырудың күрделі процесі болып табылады. Балаларда әлеуметтік қарым-қатынастың алғашқы дағдылары құрдастарымен қарым-қатынас кезінде қалыптасады. Мектепке дейінгі ұйымдар балаларды сөйлеуге үйретуде маңызды рөл атқарады. Тілдерді ерте жастан үйрету баланың зияткерлік қабілетін дамытуға сонымен қатар, балаларды мемлекеттік тілге және өз елінің мәдениетіне баулуға мүмкіндік береді. Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты: мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне мемлекеттік тілді меңгерту мәселелері бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету. Міндеттері: - балалардың мемлекеттік тілді үйренуге қызығушылығын ояту; - қазақ тілінде қарапайым ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру (түсіну және сөйлеу); - балалардың лингвистикалық білім алуына ықпал ету; - бастапқы қарым-қатынас дағдыларын игеруге жағдай жасау, қарапайым қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру; - қазақ халқының ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына қызығушылық тудыру және оларды құрметтеуге тәрбиелеу; - әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларының дамуын қолдау. ҚР мектепке дейінгі тәрбие

мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты балаларға 3 жастан бастап қазақ тілін оқытуды көздейді. Балаларға мемлекеттік тілді үйрету ұйымдастырылған оқу қызметінде, күнделікті әрекеттерде ойын түрінде жүзеге асырылады. Ойын-жетекші әрекет және балаларды дамытудың негізгі құралы. Мемлекеттік тілді меңгерудің негізгі факторы: ата-аналардың балаларының мемлекеттік тілді меңгеруін қалауы; тәрбиеленушілердің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін білетін жоғары білікті педагог кадрлардың болуы; әртүрлі шығармашылық тапсырмаларды, дамытушы ойындарды қолдану болып табылады. Күтілетін нәтиже: мемлекеттік тілдің нормалары мен ережелерін меңгереді, дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтады, базалық лексикалық және сөздік қоры жинақталады; қазақ тіліндегі сөздердің мағынасын түсінеді; бір-бірімен логикалық тұрғыда байланысты жеке мәліметтерді айтады; коммуникативтік қабілеттері дамиды. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері қазақ тілін үйретуде оқытудың инновациялық нысандарын кеңінен енгізуі қажет. Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйретуде мемлекеттік тілде бейне мәтіндерді қолдану, қазақ тіліндегі интернет-кеңістікті дамыту, көркем және басқа да әдебиеттерді қазақ тіліне аудару маңызды болып келеді. Жүйелі жұмыс нәтижесінде бала қазақ тілін меңгереді және мемлекеттік тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана алады.

«Молдір бұлақ» бөбекжай-бақшасы

**Барлық жас ерекшеліктегі топтардың тұрмыстық-
шаруашылық еңбекке тәрбиелеудің тиімді және жаңаша
ұйымдастырылуы
(Әкімшілік кеңес)**

Дайындаған: Шаруашылық меңгеруші

Қайрат ауылы 2024-2025 оқу жылы

Әкімшілік кеңес
Анықтама

«Барлық жас ерекшеліктегі топтардың тұрмыстық-шаруашылық еңбекке тәрбиелеудің тиімді және жаңаша ұйымдастырылуы».

Балалар еңбегінің түрлері:

Мақсаты: мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды еңбек әрекетіне жүйелі қатыстыру, еңбек етуге ынтасын тәрбиелеу.

Міндеттер: 1. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шамасы жететін еңбек түрлеріне дұрыс дағдыларын қалыптастыру.

2. Еңбек әрекеттерін, тапсырмаларды ыждағаттылықпен және ұқыпты орындауға үйрету. Айналасындағы адамдар үшін маңызды еңбекте нәтижеге жетуге ұмтылуға тәрбиелеу;

3. Материалдар мен еңбек құралдарына құнттап қарауды дағдыландыру.

4. Балаларға жұмысты дұрыс және жақсы бағалауға (өзінің және жолдастарының) көмектесу. Жолдастық өзара қарым-қатынастарды тәрбиелеуді жетілдіру.

5. Өзінің, ересектердің, жолдастарының еңбегін бағалай және сақтай білуді тәрбиелеу. Мектепке дейінгі ұйымда үйренуге, дағдыға айналдыруға тиісті балалар еңбегінің түрлері олардың қызыметке ықыласын туғызады, ақыл-ойын дамытады, жағымды қарым-қатынасқа баулиды, денесін шынықтырады, эстетикалық көзқарасан қалыптастырады, қысқасы, оларды жан-жақты тәрбиелеуге мүмкіндік беретінін айтты.

Өкімшілік кеңес

Хаттама №3

Қайрат ауылы

28.03.2025ж

Қатысқаны 14

Күн тәртібінде:

1. Балабақшадағы мемлекеттік тілдің деңгейі. Меңгеруші
2. Барлық жас ерекшеліктегі топтардың тұрмыстық-шаруашылық еңбекке тәрбиелеудің тиімді және жаңаша ұйымдастырылуы. Шар.Меңгерушісі
3. Бақылау мен басшылық. Талдау
«Таңғы жаттығуды ұйымдастыру және өткізу». Медбике

Бірінші мәселе бойынша балабақшаның меңгерушісі М.Байдаулетова «Балабақшадағы мемлекеттік тілдің деңгейі» атты тақырыпта баяндама оқыды. Тіл үйрену мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталады. Бұл жастағы балалар тілді үйренуге бейім, ересектерге еліктейді. Мектепке дейінгі балалық шақта мемлекеттік тілді ерте үйрену баланың жеке басының үйлесімді дамуына ықпал етеді. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында: «Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады» - деп, атап көрсетті. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі ұлттық бірегейлікті сақтауда маңызды рөл атқарады. Өзінің ұлттық мәдениетін, ата-бабаларының салт-дәстүрін сақтауға және дамытуға деген ұмтылыс ана тілін үйренудегі ұлттық сана-сезімнің айқын дәлелі. Әр түрлі ұлт өкілдерінің балаларына мемлекеттік тілді үйрету тілдік сананың жаңа жүйесін қалыптастырудың күрделі процесі болып табылады. Балаларда әлеуметтік қарым-қатынастың алғашқы дағдылары құрдастарымен қарым-қатынас кезінде қалыптасады. Мектепке дейінгі ұйымдар балаларды сөйлеуге үйретуде маңызды рөл атқарады.

Шешім: Балабақшадағы мемлекеттік тілдің деңгейі атты тақырыпта баяндама оқылды.

Екінші мәселе бойынша балабақшаның шаруашылық меңгерушісі Г.Елеулиева «Барлық жас ерекшеліктегі топтардың тұрмыстық-шаруашылық еңбекке тәрбиелеудің тиімді және жаңаша ұйымдастырылуы» атты тақырыпта сөз алды. Балалар еңбегінің түрлері
Мақсаты: мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды еңбек әрекетіне жүйелі қатыстыру, еңбек етуге ынтасын тәрбиелеу.

Міндеттер: 1. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың шамасы жететін еңбек түрлеріне дұрыс дағдыларын қалыптастыру.

2. Еңбек әрекеттерін, тапсырмаларды ыждағаттылықпен және ұқыпты

орындауға үйрету. Айналасындағы адамдар үшін маңызды еңбекте нәтижеге жетуге ұмтылуға тәрбиелеу;

3. Материалдар мен еңбек құралдарына күнтіп карауды дағдыландыру.


4. Балаларға жұмысты дұрыс және жақсы бағалауға (өзінің және жолдастарының) көмектесу. Жолдастық өзара қарым-қатынастарды тәрбиелеуді жетілдіру. 5. Өзінің, ересектердің, жолдастарының еңбегін бағалай және сақтай білуді тәрбиелеу. Мектепке дейінгі ұйымда үйренуге, дағдыға айналдыруға тиісті балалар еңбегінің түрлері олардың қызметке ықыласын тугызады, ақыл-ойын дамытады, жағымды қарым-қатынасқа баулиды, денесін шынықтырады, эстетикалық көзқарасан қалыптастырады, қысқасы, оларды жан-жақты тәрбиелеуге мүмкіндік беретінін айтты.

Шешім: Барлық жас ерекшеліктегі топтардың тұрмыстық-шаруашылық еңбекке тәрбиелеудің тиімді және жаңаша ұйымдастырылуы жұмыс барысында қолданылсын

Үшінші мәселе бойынша балабақшаның медбикесі М.Сарбалаева «Таңғы жаттығуды ұйымдастыру және өткізу» атты тақырыпта сөз алды. Танертенгілік жаттығу балаларды ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Танертенгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Танертенгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді.

Танертенгі жаттығу жасау алдында мүлде ерекше міндеттер қойылмайды, Атап айтқанда: бала организмін «ояту», оны әрекетшіл қалыпқа келтіру, жан-жақтылыққа, бұлшық ет жүйесіне аздап ықпал ететіндей, организмнің жүрек тынысы және басқа функцияларының қызметін белсенділендіру, ішкі органдар мен сезім органдарының жұмысын стимулдау, тұлғаның дұрыс, жүрістің жақсы қалыптасуына ықпал ету, табанның қисайып кетпеуін болдырмау туралы жан-жақты айтып өтті.

Шешім: Таңғы жаттығуды ұйымдастыру және өткізу барысында балалардың денсаулығы қадағалансын.

Жиналыс төрайымы: 
Хатшы: 

М.Байдалетова
А.К.Есиркепова

«Молдір бұлақ» бөбекжай-бақшасы

**Бақылау мен басшылық. Талдау
«Таңғы жаттығуды ұйымдастыру және өткізу»**

Дайындаған: Медбике

Қайрат ауылы 2024-2025 оқу жылы

Талдау «Таңғы жаттығуды ұйымдастыру және өткізу»

Спорттық жаттығулар

Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді.

Таңертеңгі жаттығу жасау алдында мүлде ерекше міндеттер қойылмайды, Атап айтқанда: бала организмін «ояту», оны әрекетшіл қалыпқа келтіру, жан-жақтылыққа, бұлшық ет жүйесіне аздап ықпал ететіндей, организмнің жүрек тынысы және басқа функцияларының қызметін белсенділендіру, ішкі органдар мен сезім органдарының жұмысын стимулдау, тұлғаның дұрыс, жүрістің жақсы қалыптасуына ықпал ету, табанның қисайып кетпеуін болдырмау.

Егер балалар күн сайын таңертең дене жаттығуын жасауға дағдыланса және мүдделі болса, ертеңгілік жаттығу сонысымен құнды. Осындай пайдалы әдет адамда өмір бойында сақталады. Организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың денесін шынықтыру кезіндегі басты фактор - оның қимыл әрекетінің қаншалықты дұрыс жолға қойылғандығымен байланысты, себебі мақсатты орындатқан қимыл-қозғалыс жаттығулары бұлшық еттерге қан жүгіртіп, ағза қорегін арттырады.

Таңертеңгі жаттығу балалар бақшасында күнді ұйымдасқан түрде бастауға мүмкіндік береді, күн кестесін дәл орындауға ықпал етеді. Бір уақыттың ішінде бірге жүргізілген бір қалыпты қимыл қызметінде жүгіріп, секіріп, үлгеріп, алып ұшқан балалар тынышталады, ал белсенділігі төмендері белсенділенеді. Мұның бәрі балалардың барлығының да көңіл күйін бірдей етеді, сергітеді, оларды келесі оқу іс-әрекетке даярлайды. Сөйтіп таңертеңгілік жаттығуды бірден ұйқыдан кейін емес, бір шама уақыт өткен соң жасағанда оның тәрбиелік маңызы кеңейеді. Ол күн кестесінің бөлінбес ұйымдастырушы сәті болады, балаларды бірыңғай тәртіпке, жинақылыққа үйретеді.

Таңертеңгі жаттығу жылдың жылы мезгілдерінде алаңда, ал суық кездерде залда өткізіледі. Белгілі бір тәртіппен іріктелінген дене жаттығуларының үйлесуі «комплекс» немесе «кешен» деп аталады.

Бір ғана комплекстің өзі екі апта бойы қайталанылады.

Таңертеңгілік жаттығулар арнайы бір уақытта таңғы асқа дейін жүргізіледі, жаттығуға қатысу үшін ата-аналар балаларын балабақшаға кешіктірмей алып келуі абзал. Таңертеңгілік жаттығуды балабақша тәрбиешісі немесе дене шынықтырушы жүргізеді. Таңертеңгілік жаттығулар өткізілетін бөлмелерді балалар келер алдында, бірнеше минут бұрын желдетіп алуыңыз абзал. Жаттығу кешендерін тандап алу кезінде, көп балалы топтарының қызығушылығы туралы ұмытпау керек. Күнделікті 2 апта бойы бір

жаттығуды орындағаннан балалардың жаттығуға деген қызығушылығы төмендеуі мүмкін. Таңдалған жаттығу кешендерін жаңа жаттығулармен алмастырып отыру керек.

Жаттығуларды қысқа және түсінікті етіп түсіндіріңіз. Жаттығуларды көрсету және оны түсіндіруді алдын ала ойластыру керек. Балалардың мектепке дайындығын арттыру үшін, даярлық топқа баратын балалар болса, онда оларға түсіндіру бойынша тапсырмаларды беру керек. Жаттығуларды балалардың дұрыс орындауын қадағалау керек.

Балабақшада таңертеңгілік жаттығулар балалардың сапқа тұруымен басталады. Бұл сапқа тұрғызу тез өтеді. Балаларды топтың ауданына бірдей орналастыру үшін маңызы зор. Содан балалардың зейінін аударып, жүруден және жеңіл жүруден бастауыңызға болады.

Бұл уақытта реакциялық жаттығуды өткізудің маңызы зор;

Мысалы: Тәрбиешінің шапалағына, балалар жүруді тоқтатпай қол шапалағымен жауап береді. Балабақшаларға таңертеңгілік жаттығуларды таңдаған уақытта барлық бұлшық ет топтарын шынықтыратын /иық буыны, аяқ, табан, кеуденің көлденең орналасқан және арқа бұлшық еттеріне, іш бұлшықеттерін/ жаттығуларға назар аудару керек.

Жаттығудың түрлілігі бөлменің ауданына тәуелді. Егер бөлменің ауданы үлкен болса, онда жүгіру және секіру жаттығуларын қосуға болады. Жиынға енген таңертеңгі жаттығулар дене шынықтыру ұйымдастырылған қимыл әрекеттерде мотивациялық бөлімінде пысықтау мақсатымен қайталанады. Таңертеңгілік жаттығуларды балаларға толық мақсатымен жаттығулар түрлі жан-жануарларға еліктеу әдісімен ұйымдастырылады. Таңертеңгілік жаттығулар арнайы жүйемен орындалады

Жаттығулар:

Бірінші: бас, мойын, иық, қол бұлшық еттеріне.

Екінші: бел, кеуде бұлшық еттеріне.

Үшінші: бөксе, сан, тізе бұлшық еттеріне жасалады.

Жаттығулардан соң, көңілді, қызықты, қимылды ойын ұйымдастырылады.

Даярлық топтың таңертеңгілік жаттығуының ұзақтығы 8-10 минут

Қол, дене, аяққа арналған жалпы дамыту жаттығулары:

Ересектердің көрсетуі мен ауызша айтыуна сәйкес дене жаттығуларын орындау, гимнастикалық атрибуттарды (жалауша, шар, доп, және т.б) қолдануға үйрету.

Негізгі қимылдар:

Бір уақытта үш негізгі қимылдарды орындау ұсынылады.

Жүру және жүгіру.

Топқа бөлініп және бүкіл топпен, жұптасып, шеңбер бойымен қол ұстасып, қарқынды өзгерте отырып, жүгірумен алмастырып және керісінше (тәрбиешінің соңынан), бағытты өзгертіп, шашырап, заттарды айналып өтіп, алға қарай қырындап жүру.

Аяқтың ұшымен жүру. Жіптен, қырлы бөренеден көбектен аттап жүру.

Топқа бөлініп және бүкіл топпен түзу бағытта, әр түрлі бағытта (бірін-бірі итермей), бірінің соңынан бірі, бір қатармен тәрбиешінің соңынан жүгіру.

Таңертеңгілік гимнастикаа амалдары:

а/. қарапайым түрдегі жаттығулар: таңғы жаттығулар кешені.

ә/. су процедурасы: бетін, қолын, колдарын салқын сумен жуу, ауызын және тамағын шаю.

б/. Шынығу: ұйқыға жатар алдында киімдерін жинаған орындықтан төсекке дейін, оянған бетте төсектен орындыққа дейін жалаң аяқ жүріп өту.

в/. Укалау, яғни массаж: Ойын түрінде дененің кез келген мүшесімен «сәлемдесу»

Қорыта айтқанда, балалар бақшасындағы таңертеңгілік жаттығулардың мақсаты - балаларды дұрыс қимылдауға үйрету. Мектепке дейінгі жастағы балалардың кеңістіктегі орнын бағдарлай білуі, қимылдарды айқын, дәл, тәрбиеші ұсынған екпінде, ырғақта, бағытта орындау дағдылары, әр баланың қимылының бүкіл ұжымның қозғалысымен үйлесуі пісіп, жетіледі. Таңертеңгілік жаттығудың ұйымдастырушылық және тәртіптеушілік үлкен маңызы бар.